



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 43 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2013 жылғы 13 қараша**

*«Республика игілігі» монеталар сериясынан  
«Алма отаны» ескерткіш күміс монетасын  
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 13 қарашадан бастап **«Республика игілігі» монеталар сериясынан** номиналы 500 теңгелік, «proof» сапасымен алтын жалатылған **«Алма отаны» ескерткіш күміс монетасын** айналысқа шығару туралы хабарлайды.

**«Алма отаны» ескерткіш күміс монетасының** бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде, күңгірттелген бетінде алма ағаштарының қолайлы өсу орнын білдіретін, таулы жерге тамырын жайған жемісті алма ағашының стильдендірілген бейнесі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде **«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ»**, монетаның номиналын білдіретін **«500 ТЕҢГЕ»** және ағылшын тілінде **«REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»** деген жазу орналасқан. Жазбалар нүктелермен бөлінген.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде жылтыраған бетінде дәл сондай, алтын жалатылған (піскен) алмалары бар жемісті алма ағашының бейнесі және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Айналысқа мемлекеттік тілде **«АЛМА ОТАНЫ»** деген жазу, соғылған жылын білдіретін **«2013»** деген сан, ағылшын тілінде **«HOMELAND OF APPLES»** және монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін **«Ag 925 31,1 g.»** деген жазу бар. Жазулар мен сан нүктелермен бөлінген.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген. Айналысқа шығынқы жиек.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы - 7 мың дана, қыры (гурты) бедерлі.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монета Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі**

«Алма отаны» монетасы монетаның үстіне алтын жалату технологиясы қолданыла отырып дайындалған.

«Қазақстан – ғаламшардағы алманың отаны» - біздің «жабайы» алма мен оның басқа да сұрыптарының ДНҚ-сын зерттеген Оксфордтың британдық ғалымдары осындай қорытындыға келді. АҚШ, Канада және басқа елдердің ғалымдарымен бірлесіп олар әлемдегі кеңінен танымал сұрыптардың көпшілігінің негізінде қазақстандық жабайы алма гендерінің бар екендігін дәлелді. Қазақстанның оңтүстігіндегі және оңтүстік шығысындағы жабайы жидекті ормандар осы геноқордың табиғи сақталған орны болып табылады.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монетаның дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш күміс монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39  
E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)*